

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 18 мамырдағы N 422 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 11, 154-құжат; 1999 ж., N 8, 239-құжат; N 23, 925-құжат; 2002 ж., N 6, 71-құжат; 2003 ж., N 1-2, 13-құжат; 2004 ж., N 24, 142, 157-құжаттар; 2005 ж., N 23, 98-құжат):

б - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жәрдемақы төлеу ағымдағы ай үшін жүргізіледі. Жәрдемақы алушы қайтыс болған жағдайда жәрдемақы қайтыс болған айды қоса төленеді.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жәрдемақы төлеу Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады."

2. "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 186-құжат; 1998 ж., N 24, 437-құжат; 1999 ж., N 8, 237-құжат; N 23, 925-құжат; 2001 ж., N 17-18; 245-құжат; N 20, 257-құжат; 2002 ж., N 1, 1-құжат; N 23-24, 198-құжат; 2003 ж., N 1-2, 9-құжат; N 11, 56-құжат; N 15, 139-

құжат; N 21-22, 160-құжат; 2004 ж., N 11-12, 66-құжат; N 23, 140, 142-құжаттар; 2005 ж., N 7-8, 19-құжат, N 11, 39-құжат; N 14, 55, 58-құжаттар; 2006 ж., N 3, 22-құжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 37) тармақшамен толықтырылсын:

"37) халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы орган - халықты әлеуметтік қорғау саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган."

2) 5-баптың 2-тармағының төртінші бөлігіндегі "халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы орган" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметі" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 10-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"10-бап. Орталықтан зейнетақы төлемдерін төлеу кезеңі Орталықтан зейнетақы төлемдері өмір бойына тағайындалады және қайтыс болған айын қоса жүзеге асырылады." ;

4) 15-баптың 2-тармағындағы "Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген" деген сөздермен ауыстырылсын ;

5) 18-баптың 2-тармағының 2-1) тармақшасы "салымшылардың" деген сөзден кейін "(алушылардың)" деген сөзбен толықтырылсын;

6) 19 - бапта :

1-тармақтағы "өткен" деген сөз "ағымдағы" деген сөзбен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Орталықтан зейнетақы төлемдерін жүзеге асырудың тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды." ;

7) 41-баптың 2-тармағының 11-1) тармақшасы "жасасылған" деген сөзден кейін " және қолданылуы тоқтатылған" деген сөздермен толықтырылсын;

8) 50 - бапта :

1-тармақтың екінші бөлігі "зейнетақы қорлары" деген сөздерден кейін "және Орталық" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ "қорларының" деген сөзден кейін ", Орталықтың" деген сөзбен толықтырылсын ;

4-тармақ мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) Орталыққа - міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) дерекқорын қалыптастыру үшін;" ;

9) 53-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"53-бап. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның басшы қызметкерлері

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың басшы қызметкерлеріне қойылатын талаптар "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалады."

3. "Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 5 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 8, 238-құжат; N 23, 925-құжат; 2000 ж., N 23, 411-құжат; 2001 ж., N 2, 14-құжат; 2002 ж., N 6, 71-құжат; 2004 ж., N 24, 157-құжат; 2005ж., N 23, 98 - құжат) :

1) 4 - б а п т а :

1) тармақшадағы "Қазақстан Республикасы Президентінің" деген сөздер алып тасталсын, "заң күші бар Жарлығының" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Заңының" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) бірге тұратын төрт және одан көп кәмелетке толмаған балалары, оның ішінде жалпы орта білім беретін, жоғары және орта кәсіптік оқу орындарында күндізгі оқу нысанында оқитын, олар кәмелеттік жасқа толғаннан кейін өздері оқу орнын бітіретін уақытқа дейін бірге тұратын (бірақ 23 жасқа толғанға дейін) балалары бар көп балалы отбасылар ; " ;

2) 6 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жәрдемақы төлеу ағымдағы ай үшін және жәрдемақы алуға құқық пайда болған кезден бастап жәрдемақы тағайындалған жағдайлар сақталған кезеңге жүргізіледі. Жәрдемақы алушы қайтыс болған жағдайда жәрдемақы қайтыс болған айды қоса төленеді . " ;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Жәрдемақы алуға құқылы екі және одан көп адам бірге тұрған жағдайда жәрдемақы олардың әрқайсысына тағайындалады және төленеді." ;

3) 7 - б а п т а :

3) тармақшадағы "2,4" деген сандар "5,8" деген сандармен ауыстырылсын;

4) тармақшадағы "5,7" деген сандар "7,1" деген сандармен ауыстырылсын;

5) тармақшадағы "2,7" деген сандар "4,2" деген сандармен ауыстырылсын;

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) әскери қызметшілердің отбасыларына, атап айтқанда: Ауғанстанда немесе соғыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде соғыс қимылдары кезінде қаза тапқан (хабарсыз кеткен) немесе жаралану, контузия алу, мертігу, ауру салдарынан қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасыларына; бейбіт уақытта әскери қызмет атқару кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасыларына, қаза тапқандардың (қайтыс болғандардың, хабарсыз кеткендердің) балаларына, асырауында болғандарға; қызмет міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан ішкі істер органдары қызметкерлерінің отбасыларына; ата-аналарына; екінші рет некеге отырмаған әйеліне (еріне); Чернобыль АЭС-дегі апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі және басқа да

апаттар мен авариялардың зардаптарын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасыларына; сәуле апаттары салдарынан қайтыс болғандардың немесе қайтыс болған мүгедектердің отбасыларына, сондай-ақ қайтыс болуы Чернобыль АЭС-дегі апат және басқа да радиациялық апаттар, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілерде болған авариялар және ядролық сынақтар әсеріне белгіленген тәртіпте байланысты болған азаматтардың отбасыларына - 4,3 айлық есептік көрсеткіш;"

7) тармақшадағы "0,9" деген сандар "2,4" деген сандармен ауыстырылсын;

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдарға, сондай-ақ мемлекеттік наградалармен марапатталмаған, 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамыр аралығындағы кезеңде кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) адамдарға - 2,0 айлық есептік көрсеткіш;"

8-1) тармақшадағы "0,5" деген сандар "2,0" деген сандармен ауыстырылсын;

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"12) "Алтын алқа", "Күміс алқа" белгілерімен марапатталған немесе бұрын "Ардақты ана" атағын алған, I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен марапатталған көп балалы аналарға - 3,9 айлық есептік көрсеткіш;"

мынадай мазмұндағы 12-1) тармақшамен толықтырылсын:

"12-1) бірге тұратын төрт және одан көп кәмелетке толмаған балалары, оның ішінде жалпы орта білім беретін, жоғары және орта кәсіптік оқу орындарында күндізгі оқу нысанында оқитын, олар кәмелеттік жасқа толғаннан кейін өздері оқу орнын бітірген уақытқа дейін (бірақ 23 жасқа толғанға дейін) бірге тұратын балалары бар кеп балалы отбасыларға - 3,9 айлық есептік көрсеткіш;"

4) 8 - б а п т а :

4-тармақтағы "интернат-үйлерде" деген сөздер "мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерде" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. "Жерасты және ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда істеген адамдарға берілетін мемлекеттік арнайы жәрдемақы туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 19, 647-құжат; 2002 ж., N 10, 105-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 23, 98-құжат):

1) 5 - б а п т а :

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жәрдемақы тағайындау үшін құжаттарды қарауды жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын құжаттар табыс етілген күннен бастап он күн мерзімде жүзеге асырады.";

5-тармақ "бастап" деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен" деген сөздермен толықтырылсын;

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Жәрдемақы төлеуді Орталық ағымдағы ай үшін жүргізеді. Жәрдемақы алушы қайтыс болған жағдайда жәрдемақы қайтыс болған айды қоса төленеді."; мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жәрдемақы төлеу Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады."

5. "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2005 жылғы 16 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., N 11, 39-құжат):

2-баптағы "2006 жылғы 1 шілдеден" деген сөздер "2007 жылғы 1 қаңтардан" деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап. Осы Заң 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағының үшінші және төртінші абзацтарын, 2-тармағының 3) тармақшасын, 6) тармақшасының екінші абзацын, 3-тармағының 2) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарын, 4-тармағының 2) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарын қоспағанда, 2006 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті